



Qazaqstan Respublikasy Zańnama
jáne ququqtyq aqparat institutyńyń

JARSHYSY

gylymi-ququqtyq jýrnal №3 (74)-2023

Құрылтайшы және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСССҚ 14.02.2022 ж.
№38 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәрпеков Р.Қ. – з.ғ.к., Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері (Астана, Қазақстан) –
(төраға)
Абайділинов Е.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Уззила Шапақ – з.ғ.д. (Астана, Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Жанғарашев Р.М. – LL.M (Астана,
Қазақстан)
Ишекков К.А. – з.ғ.д., доцент (Мәскеу, Ресей)
Қазбаева Ә.Ғ. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Қалиева А.Ө. – (Астана, Қазақстан)
Қаржаубаев С.С. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Князова А.Ж. – LL.M (Астана, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Мұрзашев Қ.Т. – (Астана, Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Ғ. – PhD (Челябинск, Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Салықова Д.Ө. – (Астана, Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қызығызстан)

Редактор – **Қолтубаева Г.Б.**
Беттеуші – **Ақылбаева С.А.**
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы күзлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ., Жеңіс даңғ., 15а
тел.: 8(7172)26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы.....7

Мемлекет және құқық теориясы

А.С. АХМЕТОВ Құқықтық мәдениет мазмұнының өзекті
мәселелері.....13

Конституциялық және әкімшілік құқық

Р.Қ. СӨРПЕКОВ Мемлекеттік жастар саясаты туралы
Қазақстан Республикасының заңнамасы: талдау, проблемалар
және жетілдіру.....22

Ж.О. ҚҰЛЖАБАЕВА Қазақстан Республикасындағы
«Құқық» тобы бойынша білім беру бағдарламаларының пәна-
ралық және пәнөтпелік талдау.....31

Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Өкілеттік бойынша заңнаманың
құқықтық негіздері.....40

В.Т. КОНУСОВА Жасанды интеллект саласындағы реттеу
саясаты: құқықтық реттеуге тәсілдерді зерттеу.....48

Л.Б. БОГАТЫРЕВА, Б.А. ТАЙТОРИНА, Г.Т. БАЙСАЛОВА
Төтенше жағдай кезінде заңнамалық деңгейде денсаулық
сақтау жүйесін нормативтік-құқықтық реттеу.....59

С.Қ. ЖЕТПІСОВ, Г.А. АЛИБАЕВА, О.Б. ДУБОВИЦКАЯ
Цифрландыру дәуіріндегі дербес деректерді қорғау:
конституциялық-құқықтық аспект.....68

К.Р. БАЛАБИЕВ, А.Қ. ҚҰРМАНОВА Қазақстанды жаңғы-
рту бағытында сайлау құқығы қағидаларын жүзеге асыру
мәселелері.....77

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ, М.Ж. КУЛИКПАЕВА Қазақстан
Республикасында венчурлік кәсіпкерлікті құқықтық реттеуді
дамыту.....87

А.А. АМАНГЕЛДІ Зияткерлік меншік құқығының кейбір
жария құқық салаларымен өзара әрекеттесуі.....97

К.Ж. ҚУАНДЫКОВ, М.Қ. ЖҮСІПБЕКОВА Қоршаған
ортаға келтірілген зиянды өтеудің теориялық және құқықтық
аспектілері.....106

С.А. ӘКІМБЕКОВА Қазақстан Республикасының азамат-
тық процесінде шарттық аумақтық соттылық: теория және
практика мәселелері.....114

И.С. САҚТАҒАНОВА, Ж.О. ОШАҚБАЕВА,
А.Р. ЕНСЕБАЕВА Польша Республикасының әлеуметтік
сақтандыру басқармасының қалыптасуы мен дамуының
негізгі кезеңдері.....123

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

Е.В. МИЦКАЯ, Б.Е. ИМАШЕВ, А.А. АМАНТАЕВ
Дәлелдемелер мен жедел-ізвестіру, қарсы барлау материалда-
рын бұрмалауды заңнамалық регламенттеуді жетілдіру
туралы.....132

Қ.Е. ИСМАГУЛОВ Қорғалуға құқығы бар куә және оның
жәбірленушінің айғақтарын сақтауға қатысуы.....142

Е.Е. ҚАЖЕНОВ, А.С. ҚАЖЕНОВА, Р.А. БАРСУКОВА Цифрлық технологиялар жағдайындағы қылмыстық заңнама нормаларының санкцияларын құрастырудың жаңа концепциясы.....	151
Э.Б. АБЛАЕВА Қазақстан Республикасының мамандандырылған қылмыстық соттары.....	159
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	
Е.С. ЖАМБАЕВ, Н. СӘУЛЕН, А.Н. САГАДИЕВ Корея Республикасында (Оңтүстік Корея) конституциялық соттың құрылуы және дамуы.....	169
Э.Г. МИРЗАЕВА (Баку қ., Әзірбайжан) Халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың мәртебесіне теориялық және практикалық құқықтық тәсілдер.....	175
И.С. САҚТАҒАНОВА Жапонияда еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің өзекті мәселелері.....	187
Құқықтық мониторинг	
Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА, А.К. ӘБДІРАХМАНОВА Кассациялық өтінішхатты қараусыз қайтару және заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау (Қазақстан Республикасы және Германия).....	197
Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан	
Б.А. ШОЛАН Терминдер мен сөз тіркестерін қолданудың кейбір мәселелері.....	207
Жас ғалым мінбері	
А.П. ТРЕТЬЯКОВА (Минск қ., Белоруссия) Беларусь Республикасындағы бірлестік үй меншігіне қатысушылардың және Қазақстан Республикасындағы кондоминиум қатысушыларының құрамын анықтау мәселелері.....	214
А.Ж. РАХМЕТУЛИН Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығын және қылмыстық процесін конституцияландырудың негізгі субъектілері.....	221
В.Б. ТАПАКОВА Жаппай тәртіпсіздіктер: азаматтар мен мемлекетті қамтамасыз ету қауіпсіздік мәселелері.....	230
Р.С. ЖАЛТЫРБАЕВА Қазақстанның заң практикасында жасанды интеллектті қолданудың ерекшеліктері мен оның құқықтану мамандығына әсері.....	239
«Жаршының» архивтегі беттері	
А.А. ЖАҒАТУҒАНОВА Аға ғылыми қызметкер Д.М. Шыңғысбаеваның «Заң терминдерінің бірізділігі туралы» атты ғылыми жарияланымына қайта оралғанда.....	250
ЗҚАИ-ның ғылыми қызметі туралы ақпарат.....	255



Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации
Республики Казахстан»
Издается с 2006 года
Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz
Включен в перечень изданий для публикации
основных научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ КОКСОН МОН РК №38
от 14.02.2022 г.)

Состав Редакционного совета
Сарпеков Р.К. – к.ю.н., Заслуженный
деятель Казахстана (Астана, Казахстан) –
(председатель)
Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Барнаул, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Астана, Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Унзила Шапак – д.ю.н. (Астана, Казахстан)

Главный редактор
Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)
Джангарашев Р.М. – LL.M (Астана,
Казахстан)
Ишеков К.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Калиева А.У. – (Астана, Казахстан)
Каржаубаев С.С. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Киязова А.Ж. – LL.M (Астана, Казахстан)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Мурзашев К.Т. – (Астана, Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Каменогорск,
Казахстан)
Салыкова Д.О. – (Астана, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**
Верстка – **Акылбаева С.А.**
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан (Первичная постановка
на учет №6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000,
г. Астана, пр. Жеңіс, 15а
тел.: 8(7172)26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №3 (74)-2023

Колонка редакции	9
Теория государства и права	
А.С. АХМЕТОВ Актуальные вопросы содержания правовой культуры	13
Конституционное и административное право	
Р.К. САРПЕКОВ Законодательство Республики Казахстан о государственной молодежной политике: анализ, проблемы и совершенствование	22
Ж.О. КУЛЖАБАЕВА Анализ междисциплинарности и трансдисциплинарности образовательных программ по группе «Право» в Республике Казахстан	31
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Правовые основы делегированного законодательства	40
В.Т. КОНУСОВА Регуляторная политика в сфере искусственного интеллекта: исследование подходов к правовому регулированию	48
Л.Б. БОГАТЫРЕВА, Б.А. ТАЙТОРИНА, Г.Т. БАЙСАЛОВА Нормативно-правовое регулирование системы здравоохранения на законодательном уровне в условиях чрезвычайной ситуации	59
С.К. ЖЕТПИСОВ, Г.А. АЛИБАЕВА, О.Б. ДУБОВИЦКАЯ Защита персональных данных в эпоху цифровизации: конституционно-правовой аспект	68
К.Р. БАЛАБИЕВ, А.К. КУРМАНОВА Вопросы реализации принципов избирательного права в части модернизации Казахстана	77
Гражданское и гражданско-процессуальное право	
АЕ.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ, М.Ж. КУЛИКПАЕВА Развитие правового регулирования венчурного предпринимательства в Республике Казахстан	87
А.А. АМАНГЕЛЬДЫ Взаимодействие права интеллектуальной собственности с некоторыми отраслями публичного права	97
К.Ж. КУАНДЫКОВ, М.К. ЖУСУПБЕКОВА Теоретические и правовые аспекты возмещения вреда окружающей среде	106
С.А. АКИМБЕКОВА Договорная экстерриториальная подсудность в гражданском процессе Республики Казахстан: вопросы теории и практики	114
И.С. САКТАГАНОВА, Ж.О. ОШАКБАЕВА, А.Р. ЕНСЕБАЕВА Основные этапы становления и развития управления социального страхования Польской Республики	123
Уголовное право и уголовный процесс	
Е.В. МИЦКАЯ, Б.Е. ИМАШЕВ, А.А. АМАНТАЕВ О совершенствовании законодательной регламентации фальсифи-	

кации доказательств и оперативно-розыскных, контрразведывательных материалов.....	132
К.Е. ИСМАГУЛОВ Свидетель, имеющий право на защиту, и его участие при депонировании потерпевшего.....	142
Е.Е. КАЖЕНОВ, А.С. КАЖЕНОВА, Р.А. БАРСУКОВА Новая концепция построения санкций норм уголовного законодательства в условиях цифровых технологий	151
Э.Б. АБЛАЕВА Специализированные уголовные суды Республики Казахстан.....	159
Международное право и сравнительное правоведение	
Е.С. ЖАМБАЕВ, Н.САУЛЕН, А.Н. САГАДИЕВ Становление и развитие Конституционного суда в Республике Корея (Южная Корея).....	169
Э.Г. МИРЗАЕВА (г. Баку, Азербайджан) Теоретические и практические правовые подходы к статусу международных неправительственных организаций.....	175
И.С. САКТАГАНОВА Актуальные вопросы обеспечения охраны труда в Японии.....	187
Правовой мониторинг	
Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА, А.К. АБДРАХМАНОВА Возвращение кассационного ходатайства без рассмотрения и пересмотр судебных актов, вступивших в законную силу (Республика Казахстан и Германия).....	197
Из практики законодательства на государственном языке	
Б.А. ШОЛАН Некоторые вопросы использования терминов и словосочетаний.....	207
Трибуна молодого ученого	
А.П. ТРЕТЬЯКОВА (г. Минск, Белоруссия) Вопросы определения состава участников совместного домовладения в Республике Беларусь и участников кондоминиума в Республике Казахстан.....	214
А.Д. РАХМЕТУЛИН Главные субъекты конституционализации уголовного права и уголовного процесса Республики Казахстан.....	221
В.Б. ТАПАКОВА Массовые беспорядки: проблемы обеспечения безопасности граждан и государства.....	230
Р.С. ЖАЛТЫРБАЕВА Особенности применения искусственного интеллекта в юридической практике и его влияние на юридическую профессию в Казахстане.....	239
Архивные страницы «Вестника»	
А.А. ЖАНАТУГАНОВА Возвращаясь к научной публикации старшего научного сотрудника Д.М. Шынгысбаевой «О единообразии юридических терминов».....	250
Информация о научной деятельности ИЗПИ.....	257



Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal №3 (74)-2023

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №38 from 14.02.2022)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. – c.j.s., Honored Worker of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan) – (Chairman)
Abayeldinov E.M. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Barnaul, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Muromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Malinovski V.A. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Unzila Shapak – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Chief Editor

Dyussenov Ye.A. – c.j.s.

Editorial Board members

Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Russian)
Dzhangarashev R.M. – LLM (Astana, Kazakhstan)
Ishekov K.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Kaliev A.U. – (Astana, Kazakhstan)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Karzhaubaev S.S. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Kiyazova A.Zh. – LLM (Astana, Kazakhstan)
Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Murzashvili K.T. – (Astana, Kazakhstan)
Nurmagametov R.G. – PhD (Chelyabinsk, Russian)
Primashev N.M. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)
Salykova D.O. – (Astana, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)

Editor – **Koltubaeva G.B.**
Layout – **Akylbaeva S.A.**
Tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)

Address: The Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, Zhenis ave., 15a, tel.: 8(7172)26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial	11
Theory of State and law	
A.S. AKHMETOV Current issues of the content of legal culture	13
Constitutional and Administrative Law	
R.K. SARPEKOV The legislation of the Republic of Kazakhstan on the state youth policy: analysis, problems and improvement.....	22
Zh.O. KULZHABAYEVA Analysis of interdisciplinarity and transdisciplinarity of educational programs in the group "Law" in the Republic of Kazakhstan.....	31
L.T. ZHANUZAKOVA Legal framework for delegated legislation.....	40
V.T. KONUSOVA Regulatory policy in the realm of artificial intelligence: exploring approaches to legal regulation.....	48
L.B. BOGATYREVA, B.A. TAITORINA, G.T. BAYSALOVA Regulatory regulation of the healthcare system at the legislative levels in an emergency.....	59
S.K. ZHETPISOV, G.A. ALIBAYEVA, O.B. DUBOVITSKAYA Protection of personal data in the era of digitalization: constitutional and legal aspect.....	68
K.R. BALABIYEV, A.K. KURMANOVA Issues of implementation of the principles of electoral law in terms of modernization of Kazakhstan.....	77
Civil and Civil Procedure Law	
Y.M. ABAIDELDINOV, M.ZH. KULIKPAYEVA Development of legal regulation of venture entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan.....	87
A. AMANGELDY Interaction of intellectual property law with certain branches of public law.....	97
K. KUANDYKOV, M.K. ZHUSUPBEKOVA Theoretical and legal aspects of compensation for damage to the environment..	106
S.A. AKIMBEKOVA Ontractual territorial jurisdiction in the civil procedure of the Republic of Kazakhstan: questions of theory and practice.....	114
I.S. SAKTAGANOVA, Z.O. OSHAKBAYEVA, A.R. ENSEBAYEVA The main stages of formation and development of the social insurance administration of the Polish Republic.....	123
Criminal law and Criminal procedure	
E.V. MITSKAYA, B.E. IMASHEV, A.A. AMANTAYEV On improving the legislative regulation of falsification of evidence and intelligence, counter-intelligence material.....	132
K.E. ISMAGULOV Witness eligible for protection and his participation in the examination for discovery.....	142

Y.E. KAZHENOV, A.S. KAZHENOVA, R.A. BARSUKOVA A new concept of building sanctions of the norms of criminal legislation, in the conditions of digital technologies.....	151
E.B. ABLAEVA Specialized criminal courts Republic of Kazakhstan.....	159
International law and Comparative law	
Y.S. ZHAMBAYEV, N. SAULEN, A.N. SAGADIEV Formation and development of the Constitutional court in the Republic of Korea (South Korea).....	169
E.G. MİRZAYEVA (Baku c., Azerbaijan) Theoretical and practical legal approaches to the status of international non-governmental organizations.....	175
I.S. SAKTAGANOVA Current issues of labor protection in Japan.....	187
Legal monitoring	
E.N. KALIAKPEROVA, A.K. ABDRAKHMANOVA The return of the cassation petition without consideration and the revision of judicial acts that have entered into legal force (Republic of Kazakhstan and Germany).....	197
From the lawmaking practice in the official language	
B.A. SHOLAN Some questions about the use of terms and phrases.....	207
Young researchers' tribune	
A.P. TRETYAKOVA (Minsk, Belarus) Issues of determining the composition of participants of joint house ownership in the Republic of Belarus and participants of a condominium in the Republic of Kazakhstan.....	214
A.D. RAKHMETULIN The main subjects of the constitutionalization of criminal law and criminal procedure of the Republic of Kazakhstan.....	221
V.B. TABAKOVA Mass riots: security issues citizens and the state.....	230
R.S. ZHALTYRBAYEVA Features of the use of artificial intelligence in legal practice and its impact on the legal profession in Kazakhstan.....	239
The archive pages of the «Bulletin»	
A.A. ZHANATUGANOVA Returning to the scientific publication of senior researcher D.M. Shyngysbaeva «On the uniformity of legal terms».....	250
Information about the scientific activities of ILLI RK	255

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДЫ ӨТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Қалдарбек Жүнісбайұлы Қуандықов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы: e-mail: kuandykov_kzh@mail.ru

Мадина Қойшыбайқызы Жусупбекова

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Құқықтану» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, Қызылорда қаласы, Қазақстан Республикасы: e-mail: zhmk6464@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеудің теориялық және құқықтық аспектілері қарастырылады. Қазақстан Республикасында әркімнің қолайлы қоршаған ортада өмір сүруге құқығы конституциялық тұрғыдан бекітілді. Бұл тек бір мемлекеттің ғана емес, бүкіл әлемнің әл-ауқаты тәуелді мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет екенін көрсетеді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, қоршаған ортаның жағдайы жыл сайын алаңдаушылық тудырады. Мысалы, топырақтың және жердің нашарлауыны жағдайы.

Қазіргі кезде қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу экологиялық құқықтың өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Еліміздің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету көп жағдайда қоршаған ортаның қолайсыз жай-күйіне байланысты болып тұр. Қоршаған ортаның жай-күйіне әсер ететін шешімін таппаған күрделі экологиялық проблемалар жеткілікті. Осы тұрғыдан алғанда, қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеудің теориялық және құқықтық аспектілерін қарастыру және осы саладағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстардың үлкен маңызы бар. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасындағы экологиялық зиян мен экологиялық залалға қатысты құқық нормаларына терең талдау жасалынған. Сондай-ақ, қоршаған ортаға келтірілген зиян мәселелері еліміздің әлеуметтік, экологиялық және экономикалық мақсаттарының ажырамас және органикалық байланысы тұрғысынан қарастылуы керек екендігі атап өтілген. Осы мақаланың қорытындысында автор экологиялық заңнаманы бұзудан келтірілген зиянды өтеудің қажетті шарттарының бірі экологиялық және азаматтық заңнамалардың арасындағы қайшылықтарды жою болып табылады деп көрсетеді.

Түйінді сөздер: қоршаған ортаға келтірілген зиян, экологиялық залал, экологиялық зиян, экономикалық зиян, табиғи ортаның құрамдас бөліктері, ремедиация, экологиялық зиянды өтеу, қолайлы айналадағы ортаны қорғау, экологиялық қылмыстар, материалдық зиян, заңнаманы экологияландыру.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ВОЗМЕЩЕНИЯ ВРЕДА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЕ

Қуандықов Қалдарбек Жунисбаевич

Доцент кафедрасы «Таможенно, финансового и экологического права» КазНУ им. аль – Фараби, кандидат юридических наук, г. Алматы, Республика Казахстан: e-mail: kuandykov_kzh@mail.ru

Жусупбекова Мадина Қойшыбаевна

Доцент кафедрасы «Юриспруденция» Кызылординский университет им. Коркыт ата, кандидат юридических наук, г. Кызылорда, Республика Казахстан: e-mail: zhmk6464@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматриваются теоретические и правовые аспекты возмещения вреда окружающей среде. В Республике Казахстан конституционно закреплено право каждого на жизнь в благоприятной окружающей среде. Это говорит о том, что необходимо обеспечить экологическую безопасность государства, от которого зависит благополучие не только одного государства, но и всего мира. Но практика показывает, что состояние окружающей среды с каждым годом становится все более тревожным. Например, состояние деградации почвы и земли.

В настоящее время возмещение вреда окружающей среде является одной из актуальных проблем экологического права. Обеспечение экологической безопасности страны во многом зависит от неблагоприятного состояния окружающей среды. Существуют достаточно серьезные экологические проблемы, влияющие на состояние окружающей среды. С этой точки зрения большое значение имеют рассмотрение теоретико-правовых аспектов возмещения экологического ущерба и конкретные предложения, направленные на совершенствование законодательства в этой сфере. В данной статье проводится углубленный анализ правовых норм, касающихся экологического вреда и экологического ущерба в экологическом законодательстве Республики Казахстан. Также отмечается, что вопросы нанесения ущерба окружающей среде следует рассматривать с точки зрения неразрывной и органичной связи социальных, экологических и экономических целей страны. В заключении данной статьи автор указывает, что одним из необходимых условий возмещения вреда, причиненного нарушением экологического законодательства, является устранение противоречий между экологическим и гражданским законодательством.

Ключевые слова: ущерб окружающей среде, экологический ущерб, экологический вред, экономический ущерб, компоненты природной среды, ремедиация, возмещение экологического вреда, охрана благоприятной окружающей среды, экологические преступления, материальный ущерб, экологизация законодательства.

THEORETICAL AND LEGAL ASPECTS OF COMPENSATION FOR DAMAGE TO THE ENVIRONMENT

Kuandykov Kaldarbek

Associate Professor of the Department of «Customs, Financial and Environmental Law» of KazNU Al - Farabi, Candidate of Law, Almaty, Kazakhstan;
e-mail: kuandykov_kzh@mail.ru

Zhusupbekova Madina Koishybayevna

Associate professor of the Department of «Jurisprudence» of Korkyt Ata Kyzylorda University, candidate of law, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan;
e-mail: zhmk6464@mail.ru

Abstract. This article discusses the theoretical and legal aspects of environmental damage compensation. In the Republic of Kazakhstan, the right of everyone to live in a favorable environment has been constitutionally enshrined. This indicates that it is necessary to ensure the environmental safety of not only one state, but also the state on which the well-being of the whole world depends. But practice shows that the state of the environment is alarming every year. For example, the state of soil and soil deterioration.

Currently, compensation for environmental damage is one of the urgent problems of environmental law. Ensuring the ecological safety of the country largely depends on the unfavorable state of the environment. There are quite serious environmental problems affecting the state of the environment. From this point of view, consideration of theoretical and legal aspects of environmental damage compensation and specific proposals aimed at improving legislation in this area are of great importance. This article provides an in-depth analysis of the legal norms concerning environmental harm and environmental damage in the environmental legislation of the Republic of Kazakhstan. It is also noted that the issues of environmental damage should be considered from the point of view of the inseparable and organic connection of the social, environmental and economic goals of the country. In conclusion of this article, the author points out that one of the necessary conditions for compensation for damage caused by violation of

environmental legislation is the elimination of contradictions between environmental and civil legislation.

Keywords: *environmental damage, environmental damage, environmental damage, economic damage, components of the natural environment, remediation, compensation for environmental damage, protection of the favorable environment, environmental crimes, material damage, ecologization of legislation.*

DOI: 10.52026/27885291_2023_74_3_106

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Конституциясының 31 – бабына сәйкес, «мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды».

Әркімнің қолайлы қоршаған ортаға, оның жай-күйі туралы дұрыс ақпаратқа және экологиялық құқық бұзушылық салдарынан денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыру құқығын конституциялық тұрғыдан бекіту мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде экологиялық талаптарды бұлжытпай орындауды көздейді.

Әдістер мен пайдаланылған материалдар

Қолайлы қоршаған ортада өмір сүру мемлекеттің әр бір азаматының құқығы. Қазіргі таңда қоршаған ортаға көптеген зиян келтіріледі, сондықтан қоршаған ортаға келтірілген зиян мәселесі өзекті болып табылады. Бұл проблема тек ұлттық емес жаһандық проблемаға айналған. Сондықтан, бұл проблема отандық және шет елдік ғалымдарының басты назарында. Осы проблеманы зерттеу барысында көптеген ресейлік және отандық әдебиеттер зерделенді, Қазақстан Республикасының құқықтық актілері пайдаланылды, тарихи, аналитикалық талдау, салыстырмалы әдістер, талдау және синтез әдістері қолданылды.

Сонымен бірге қазақстандық ғалымдар Б.Ж.Абдраимов, Д.Л.Байдельдинов пен ресейлік ғалымдар М.М.Бринчук, В.В.Петров, Г.А.Мисниктердің ғылыми жұмыстары зерттеліп, пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері

Қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу мәселесі жыл өткен сайын өзекті болып отыр. Өйткені, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаттары мен көрсеткіштері көп жағдайда келтірілген (соның ішінде жинақталған) зиянның нәтижесінде-

гі қоршаған ортаның қолайсыз жай-күйіне байланысты болады.

Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаның жай-күйін алатын болсақ, шешімін таппаған күрделі экологиялық проблемалар жеткілікті. Атап айтатын болсақ, Алматы, Астана, Шымкент, Өскемен, Теміртау және т.б. қалалардың ауасының ластануы; Каспий теңізі, Балхаш көлі, Жайық өзені мен Ертіс өзені алабының тайыздануы; еліміздің көптеген жер алқаптарының шөлейттенуі мен сортаңдануы; Іле – Алатауының тау мұздықтарының еруі; таза ауыз су проблемасы және т.б. Осы тұрғыдан алғанда, «қоршаған ортаға зиян» (жасырын «экологиялық залал») проблемасын түбегейлі шешпестен, біз экономикада да, саясатта да және демографияда да елеулі жетістіктерге жете алмаймыз.

Сонымен қатар, тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігі олардың «қоршаған ортаға зиянсыздығына», қоршаған ортаға зиян келтірмеу қабілетіне көбірек байланысты. Адамның шаруашылық қызметі көптеген жағдайларда табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуына әкеліп соғатын және қоршаған ортаның, топырақтың және су объектілерінің көптеген компоненттеріне әсер ететін зардаптарға әкелетіні шындыққа айналды.

Экологиялық құқық бұзушылықтар нәтижесінде келтірілген зиянның өзіндік ерекшеліктері бар. Кейде олардың жағымсыз әсерлері бірден пайда болады, ал кейбір жағдайларда олар жинақталған әсерге ие болады және салыстырмалы түрде шамалы оқиғалардың нәтижесі болып табылады.

Қоршаған ортаға зиянды барынша азайту, табиғатты ұтымды пайдалану негізінде экономиканың орнықты дамуын қамтамасыз ету қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы құқықтық реттеуді жүйелі негізде жетілдіру нәтижесінде ғана мүмкін болады [1, 53-54б.].

Талқылау

Экологиялық құқық ғылымындағы осы

мәселелерге көп көңіл бөлінгенімен, қазіргі уақытқа дейін экологиялық құқық теориясында, экологиялық доктринада, сондай-ақ құқық қолдану практикасында осы зиянның құқықтық табиғатын, мәні мен ерекшелігін түсінуге бірыңғай әдіснамалық тәсіл, сондай-ақ оны өлшеу мен бағалауға бірыңғай көзқарас қалыптаспаған.

Мысалы, И.О.Краснова «қоршаған ортаға зиян деп құқықтық экологиялық талаптарды қасақана немесе абайсызда бұзу нәтижесінде мемлекетке, заңды немесе жеке тұлғаларға келтірілген материалдық зиян», - деп анықтама береді [2, 266.].

Б.Ж.Абдраимов пен Е.Ж.Жарылқасын «экологиялық зиян деп қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманың бұзылуынан туындаған қоршаған ортаның сапалық жай-күйінің нашарлауы немесе оның теріс экологиялық зардаптарды тудыруы мүмкін сандық сипаттамаларының азаюы, сондай-ақ соған байланысты заңмен қорғалатын материалдық және материалдық емес игіліктердің, соның ішінде адамның өмірі мен денсаулығының кез келген кемуі түсініледі», - деген анықтама береді [3, 126.].

Д.Л.Байдельдинов экономикалық және экологиялық зияндарды табиғатқа келтірілген зиянның дербес түрлері ретінде қарастыруды ұсынады. Экономикалық зиян табиғи ресурстарды пайдаланушылардың мүліктік мүдделеріне әсер етеді және материалдық сипатта болады. Мұндай зиянды қалпына келтіру азаматтық-құқықтық жауапкершілік негіздерінің жалпы ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Экологиялық зиян табиғат жағдайына әсер етеді. Бұл ретте экологиялық зиянды қалпына келтіру ақшалай төлемдер арқылы емес, табиғи объектіні шын мәнінде қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізу арқылы мүмкін болады [4, 166.].

В.В.Петров экологиялық зиянды қоршаған ортаға зиянның бір түрі ретінде қарастырады. Сондай-ақ, ол зиянның екі түрін қарастырады: экологиялық және экономикалық. Бұл ретте адам денсаулығына немесе адамның генофондына келтірілген зиян, яғни антропологиялық, қоршаған ортаға зиянның бір түрі болып табылады [5, 534б.].

М.М.Бринчук «экологиялық зиян - бұл экологиялық талаптардың бұзылуынан туындаған қоршаған ортаның кез-келген нашарлауы және соған байланысты адамның өмірі мен денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін қоса алғанда, заңмен қорғалатын материалдық және материалдық емес игіліктердің кез-келген төменде-

уі», - деп санайды. Экологиялық зиянның құрамдас бөліктері залал, жоғалған пайда және моральдық зиян болып табылады [6, 494-435б.].

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде экологиялық зиян және экологиялық залал терминдері қолданылады. Кодекстің 131 – бабына сәйкес, «табиғи ортаның құрамдастырына келтірілген залал деп табиғи орта құрамдастарының жай-күйіндегі туындайтын, тікелей немесе жанама түрде өлшенетін жағымсыз өзгеріс немесе олардың тұтыну қасиеттерінің немесе пайдалы сапаларының өлшенетін нашарлауы түсініледі». Ал, кодекстің 132 – бабына сәйкес, «адамның өміріне және денсаулығына экологиялық зиян деп жеке тұлғалардың өміріне және денсаулығына жағымсыз экологиялық салдарлардың әсер етуі», - түсініледі.

Біз «экологиялық залал» ұғымын талдау нәтижесінде табиғи ортаның құрамдас бөліктеріне (жер, су, жануарлар дүниесі, өсімдіктер әлемі) залал келтірілетінін және көрсетілген залалды келтіру әдісін (табиғи ортаның құрамдас бөліктеріне әсер ету) және оның көріну нысанын (табиғи ортаның құрамдас бөліктерінің нашарлауы) ажыратуға болады. Табиғи ортаның жеке-леген құрамдас бөліктерінің ерекшеліктерін ескере отырып, олардың ластануы, бітелуі, сарқылуы, тозуы, зақымдануы, жойылуы залалдың көріну нысаны болуы мүмкін.

Сонымен қатар, жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлеміне (ЭК-тің 133 бабы), суға (ЭК-тің 134 бабы) және жерге (ЭК-тің 135 бабы) келтірілген залал экологиялық залал деп танылады. Ал, 131 – баптың 4 тармағына сәйкес, мемлекет меншігіндегі табиғи ресурстарға, оның ішінде оларды заңсыз алып қою, пайдалану, бүлдіру немесе жою арқылы келтірілген залал экологиялық залал ұғымына жатпайтын мүліктік залал болып табылады. Олар тиісінше Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтелуге жатады.

Осыған байланысты кейбір авторлар экологиялық зиян ұғымын қазіргі заманғы шындыққа неғұрлым барабар деп санай отырып, оларды бір жүйеге келтіруді, яғни «қоршаған ортаға залал» ұғымын «қоршаған ортаға зиян» ұғымымен ауыстыруды ұсынады. Олардың пікірінше, біріншіден, заң шығарушы «залал» ұғымын тар мағынада, яғни азаматтық-құқықтық контексте пайдаланады. Әдетте, залал экономикалық категория болып табылады және көбінесе

зиянның ақшалай құнын білдіреді, ал қоршаған ортаға келтірілген зиянды ақшалай бағалау мүмкін емес [7, 156.].

Екіншіден, «зиян» деген неғұрлым кең ұғымды қолдану пайда болған залалды да, алдын алынған - ықтимал экологиялық зиянды да қамтуға мүмкіндік береді. Қоршаған ортаға зиянның ерекшеліктеріне байланысты біз оның салдарын бірден көре алмаймыз, сондықтан экологиялық құқықта олар «потенциалды» экологиялық зиян ұғымымен әрекет етеді. Сонымен қатар, азаматтық заңнаманың өзінде зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер деген кеңірек ұғым да қолданылады.

Үшіншіден, экологиялық құқық теориясы мен доктринасында құқықтық және экономикалық жауапкершілік категорияларын пайдалануға мүмкіндік беретін, тиісінше құқықтық және экономикалық мазмұнға ие «қоршаған ортаға зиян келтіру» деген кеңірек ұғым қолданылады.

В.В.Никишин зиянды тар мағынада қоршаған ортаға, оның құрамдас бөліктеріне келтірілген зиян (қоршаған ортаға зиян), кең мағынада да адам денсаулығына қолайсыз экологиялық факторлардың (әлеуметтік зиян), мүліктің зақымдануы нәтижесінде келтірілген зиян деп түсінеді (экономикалық зиян) және оны экологиялық (заңды экологиялық талаптарды бұзу салдарынан қоршаған орта жағдайының кез келген нашарлауы) және экогендік (табиғаттың тозуының әртүрлі нысандары салдарынан азаматтар мен заңды тұлғалардың денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген) деп бөледі [8, 28-31б.].

Тағы бір Ресей ғалымы Г.А.Мисник тікелей заңсыз әсер ету объектісі табиғи объектілер, ал жанама әсер ету объектісі адам денсаулығы болуы мүмкін екенін атап көрсетеді. Мүліктік мүдделерге қол сұғуды қоршаған ортаға зиянның белгісі ретінде қарауға болмайды, өйткені экологиялық және мүліктік мүдделер объективті түрде бір-біріне қарсы тұрады [9, 70б.].

Бірақ біздің ойымызша, қоршаған ортаға зиян әлеуметтік, экологиялық және экономикалық мақсаттардың ажырамас және органикалық байланысы тұрғысынан қарастырылуы керек. Осыған байланысты экологиялық зиян келтіру әрдайым дерлік қысқа мерзімді (физиологиялық зиян) және ұзақ мерзімді (генетикалық зиян) әлеуметтік қауіпті салдардың басталуына әкеледі.

Экологиялық зиян адамның өмірі мен денсаулығына, оның әлеуметтік ортасының өмір сүруіне қауіп төндіреді (сапасыз суды

тұтынуға, ластанған атмосфералық ауаны жұтуға және т.б. байланысты халықтың денсаулығын жоғалтудан болатын залал). Сондай-ақ, экологиялық қылмыстар зиян келтірген жағдайда, денсаулыққа экологиялық, физикалық зияннан, материалдық залалдан басқа, заңда моральдық зиянды өтеу де қарастырылған.

Экологиялық зиян мәселелерін қарастыруда қоршаған ортаны қорғау заңнамасының функциясын, әлеуметтік мақсатын ескере отырып қарастыру қажет сияқты. Сонымен қатар, ұлттық құқықтық жүйені және отандық азаматтық заңнаманы экологияландыру керек. Заңнаманы экологияландыру - бұл барлық басқа заңнамалық салаларға экологиялық нормалар мен экологиялық стандарттарды енгізу.

Кеңес дәуірінің өзінде табиғатты қорғау туралы заңнаманың әкімшілік және қылмыстық заңнаманы экологияландыруға әсері орасан болды. 1970-1980 жылдары экологиялық заңнаманы ескере отырып, қылмыстық заңнаманың экологиялық-құқықтық мазмұны айтарлықтай байытылды. Қылмыстық кодекске жаңа экологиялық қылмыстық құрамдар енгізілді.

Экологиялық заңнаманы қолдану тәжірибесін жалпылау негізінде қылмыс құрамының жекелеген белгілерінің формуласын нақтылау, өзгерту арқылы тиісті қылмыстық-құқықтық нормаларға экологиялық мән берілді. Табиғат қорғау заңнамасында жоғары қорғау режимі белгіленген табиғи объектілерге қол сұғушылықтар үшін санкциялар күшейтілді. Түрлі тарауларда көрсетілген экологиялық құқық бұзушылықтар туралы нормалар кейіннен экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар тарауында жүйеленді, бұл көбінесе экологиялық-құқықтық ғылымның жетістіктерінің арқасында жүзеге асты [7, 16б.].

Экологиялық кодекстің қабылдануы объективті түрде, ең алдымен, ұлттық заңнаманың бүкіл жүйесін экологияландыру қажеттілігінен туындады. Экологиялық заңнаманың әкімшілік және қылмыстық заңнамаға әсері неғұрлым нақты болып табылады. Қазіргі жағдайда экологиялық зиянның негізгі ұғымы, оның мөлшері әкімшілік құқық бұзушылықты қылмыстық экологиялық құқық бұзушылықтан, қылмыстық құқық бұзушылықты қоршаған ортаны қорғау саласындағы қылмыстардан ажыратудың негізгі критерийіне айналды. Шектеу критерийі ретінде экологиялық залалдың мөлшері Қазақстан Республикасының Қылмыстық

кодексіңде тікелей бекітілген. Экологиялық, әкімшілік және қылмыстық заңнаманың байланысы генетикалық деңгейде, яғни нормалар мен институттар деңгейінде көрінеді.

2023 жылдың 3 қаңтарында Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық – процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойылды.

Аталған заң Қазақстанның ұлттық паркттері мен басқа да табиғи байлықтарын экологиялық залалдан: жердің бүлінуінен, ағаштардың заңсыз кесілуінен, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану режимінің бұзылуынан, жер қойнауын өз бетінше пайдаланудан және қоршаған ортаға қоғамдық қауіп төндіретін басқа да әрекеттерден қорғайтын құқықтық нормаларды белгілейді.

Заң нормалары тиісті әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдардың мөлшерін ұлғайту, сондай-ақ осы саладағы жекелеген құқыққа қайшы әрекеттер үшін жаңа әкімшілік айыппұлдар енгізу арқылы орман, су, жер заңнамасының, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің талаптарын бұзғаны үшін лауазымды, жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілігін арттырады.

Азаматтық және экологиялық заңнаманың өзара байланысы, өзара ықпалы өте ерекше. Қазіргі жағдайда қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу мәселелеріне қатысты экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік саласында зиянды өтеудің барлық азаматтық-құқықтық арсеналын барынша пайдалану объективті қажеттілік болып табылады.

Қорытынды

Зиянды өтеу жөніндегі ережелерді көздейтін Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 5 - бөлімінің бабтарын талдау мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

Біріншіден, экологиялық заңнама «экологиялық залал» және «экологиялық зиян» ұғымын бөліп көрсетеді. Экологиялық залал дегеніміз табиғи ортаның құрамдас бөліктеріне келтірілген залал. Ал табиғи ортаның құрамдас бөліктеріне келтірілген залал деп табиғи орта компоненттерінің жай-күйінің теріс өзгеруі немесе олардың тұтынушылық қасиеттерінің немесе пайдалы қасиеттерінің

нашарлауы түсініледі. Экологиялық залал ремедиация жөніндегі шараларды қолдануды көздейді.

Экологиялық заңнама сәйкес, адамның өміріне немесе денсаулығына экологиялық зиян азаматтық заңнамаға сәйкес өтелуге жатады. Сондай-ақ, экологиялық заңнама экологиялық залал ұғымына жатпайтын мүлдіктік залалдарды азаматтық заңнамаға сәйкес өтеуге болатынын көрсетеді. Алайда, қоршаған ортаға зиян келтіру тек мүлдіктік құқықтар мен мүдделерді ғана емес, сонымен қатар азаматтардың экологиялық құқықтарын, атап айтқанда әрбір адамның қолайлы қоршаған ортаға құқығын бұзады.

Екіншіден, қоршаған ортаға келтірілген зиянды экономикалық зиян және экологиялық зиян деп бөліп қарастыруға болады. Экономикалық зиян мемлекетке, заңды және жеке тұлғаларға келтірілген материалдық зиян, яғни материалдық сипатта болады. Адамның өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян және келтірілген мүлдіктік залалдар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтелуге жатады. Ал, экологиялық зиян табиғи ортаның құрамдас бөліктерінің (жер, су, өсімдіктер дүниесі, жануарлар әлемі) жай – күйіне жағымсыз әсер ету болып табылады. Экологиялық зиян экологиялық залалды жою жөніндегі іс-шаралар кешенін, яғни ремедиацияны талап етеді.

Үшіншіден, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының ұсынымдарын ескере отырып, біздің еліміз 2021 жылы 2 қаңтарда қоршаған ортаны қалпына келтіруге бағытталған жаңа Экологиялық кодекс қабылдады. Кодексте ремедиация деген жаңа термин ұсынылды, ол экологиялық залал келтірілген табиғи ортаның компоненттерін қалпына келтіру, ауыстыру немесе өтеу арқылы экологиялық зиянды жою жөніндегі іс-шаралар кешенін білдіреді.

Ремедиацияның үш түрі бар: 1) тікелей ремедиация; 2) баламалы ремедиация; 3) өтемдік ремедиация.

Тікелей ремедиация кезінде экологиялық залал келтірген тұлға экологиялық залал келтірілген табиғи ортаның құрамдас бөліктерін қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады немесе оларды базалық жай-күйге дейін табиғи қалпына келтіру үшін жағдайлар жасайды.

Баламалы ремедиация кезінде экологиялық залал келтірген тұлға тікелей ремедиацияға қосымша экологиялық залал келтірілген табиғи орта компоненттері орналасқан

аумақта өзге де табиғат қорғау іс-шараларын жүзеге асырады немесе табиғи ортаның бірдей компоненттерін қалпына келтіру үшін жағдай жасайды.

Өтемдік ремедиация кезінде тікелей және баламалы ремедиация бойынша шаралар қабылдауына қарамастан, экологиялық залал келтірген тұлға экологиялық залал келтірілген табиғи ортаның компоненттері орналасқан аумақты жақсарту бойынша қосымша іс-шаралар жүргізеді.

О.Л.Дубовиктің пікірінше, экологиялық қатынастарда зиян екі мағынада көрінеді: экологиялық (табиғи объектінің зақымдануы немесе жойылуы түрінде көрінетін қоршаған ортаға зиян) және экогендік (табиғи объектінің белгілері жоқ мүлікті жою немесе бүлдіру, қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы бұзу салдарынан азаматтардың денсаулығына келтірілген зиян, меншік құқығын қалпына келтіруге жұмсалған шығыстар мен жоғалған пайда), олар заңсыз қол сұғушылықтың объектісі бойынша ерекшеленеді [8, 522б.].

Заң ғылымында ғылыми пікірталастар негізінен азаматтық-құқықтық (мүліктік) жауапкершілік тәртібімен экологиялық зиянды өтеу туралы мәселе бойынша жүргізіледі. 2016 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын азаматтық істер бойынша қолдануының кейбір мәселелері туралы» №8 нормативтік қаулысына сәйкес қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залал өтелуге тиіс.

Жоғарғы Соттың қаулысына сәйкес, қоршаған ортаға келтірілген зиян үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік мыналардың нәтижесінде туындауы мүмкін:

- 1) табиғи ресурстарды жою және бүлдіру;
- 2) табиғи ресурстарды заңсыз және ұтымсыз пайдалану;
- 3) өз бетінше эмиссиялар салдары;
- 4) қоршаған ортаға нормативтен тыс эмиссиялар салдары.

Алайда бұл келтірілген негіздерді де қоршаған ортаға зиян белгілерінің толық тізбесін қамтиды деп санауға болмайды. Қоршаған ортаға зиянды өтеу мәселесін шешкен кезде зиян экологиялық құқық бұзушылықтар нәтижесінде де, шаруашылық жүргізуші субъектілердің рұқсат етілген қызметі нәтижесінде де, сондай-ақ

өткен шаруашылық қызмет нәтижесінде де келтірілетіндігін негізге алу қажет.

Біздің ойымызша, «қоршаған ортаға зиян» деген күрделі ұғымға мыналар кіруі керек:

- қоршаған ортаға оның ластануы нәтижесінде келтірілген зиян;
- табиғи ортаның жекелеген компоненттеріне келтірілген зиян;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы бұзу нәтижесінде азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян;
- өткен (жинақталған) экологиялық зиян;
- шаруашылық қызмет субъектісінің заңды әрекеттерінен туындайтын қоршаған ортаға зиян.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы бұзудан келтірілген зиянды жүйелі түрде қарау азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша әдістемелік тәсілдерді қайта қарауды қажет етеді. Біздің ойымызша, қоршаған ортаға зиян туралы заңнаманың тиімділігін ластану көлемі мен түрлерінің сандық және сапалық өлшемдерінде ғана емес, сонымен қатар «өмір сапасы» санатына, аумақтарды тұрақты дамыту, экологиялық қауіпсіздік пен адам өміріне қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге сүйене отырып бағалауға болады. Сонымен қатар, «қоршаған ортаға зиян» категориясын халыққа зиян контекстінде қолдану маңыздырақ.

Экологиялық және табиғи ресурстар туралы заңнаманы бұзудан келтірілген зиянды өтеудің тиімділігін қамтамасыз етудің қажетті шарттарының бірі экологиялық және азаматтық заңнаманың қайшылықтарын жою болып табылады. Азаматтық-құқықтық нормалар заңды және жеке тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметі нәтижесінде қоршаған ортаға теріс әсер ету салдарынан зиян келтірілген азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне қатысты зиянды түсінуге, оның мөлшерін айқындауға және оны өтеуге қолданылады. Қоршаған ортаға және оның құрамдас бөліктеріне келтірілген зиянның ерекшеліктері экологиялық заңнаманың ба-сым құзіреті болып табылады.

Қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу саласындағы теория мен заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынылып отырған әдістемелік тәсілдер оны өтеудің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

ЭДЕБИЕТТЕР

1. Жаворонкова Н.Г., Выпханова Г.В. Теоретико-правовые проблемы возмещения вреда, причиненного окружающей среде. // *Lex russica (Русский закон)*, 2018, - № 3 (136), - С.53 – 54.
2. Краснова И.О. Правовое регулирование возмещения экологического вреда. // *Экологическое право*, 2005, - №4, - С.26-34.
3. Абдраимов Б.Ж., Жарылқасын Е.Ж. Возмещение экологического вреда по законодательству Республики Казахстан. – Алматы: Издательство Юрист, 2001, - 267с.
4. Байдельдинов Д.Л. Юридическая ответственность за экологические правонарушения. – Алматы: Издательство КазНУ им. Аль – Фараби, 1993, - 66с.
5. Петров В.В. Экологическое право России. – Москва: Издательство БЕК, 1995, - 557с.
6. Бринчук М.М. Экологическое право. – Москва: Издательство Юрист, 1998, - 688с.
7. Косанов Ж.Х. Правовые основы возмещения экологического вреда. // Сборник материалов Международной научно – практической конференции «Актуальные проблемы экологии и экологического права Республики Казахстан». - Алматы, Университет Нархоз, 27 октября 2017 года. – 248 с.
8. Никишин В.В. Теоретические проблемы возмещения экологического вреда: идеи В.В.Петрова и современность. // *Экологическое право*, 2009, - №2/3, - С.28 -31.
9. Мисник Г.А. Возмещение экологического вреда в российском праве. Дис. на соиск. учен. степ. докт. юрид. наук. – Москва, 2008, -430с.
10. Комментарий к Федеральному закону от 10 января 2002 г. № 7-ФЗ «Об охране окружающей среды» (постатейный) [Электронный ресурс] / А. Л. Бажайкин, И. Ю. Бортник, М. М. Бринчук [и др.]; отв. ред. О. Л. Дубовик. – Режим доступа: Консультант Плюс. Комментарии законодательства. Постатейные комментарии и книги. – Москва: Норма Инфра-М, 2013, - 560с.

REFERENCES

1. Zhavoronkova N.G., Vy`pxanova G.V. Teoretiko – pravovye problemy vozmeshcheniya vreda, prichinennogo okruzhayushchej srede. // *Lex russica (Russkij zakon)*, 2018, - № 3 (136), - S.53 – 54.
2. Krasnova I.O. Pravovoe regulirovanie vozmeshcheniya ekologicheskogo vreda. // *Ekologicheskoe pravo*, 2005, - №4, - S.26-34.
3. Abdraimov B.ZH., Zhary`lqasy`n E.Zh. Vozmeshchenie ekologicheskogo vreda po zakonodatel'stvu Respubliki Kazahstan. – Almaty: Izdatel'stvo YUrist, 2001, - 267s.
4. Bajdel`dinov D.L. YUridicheskaya otvetstvennost' za ekologicheskie pravonarusheniya. – Almaty: Izdatel'stvo KazNU im. Al' – Farabi, 1993, - 66s.
5. Petrov V.V. Ekologicheskoe pravo Rossii. – Moskva: Izdatel'stvo BEK, 1995, - 557s.
6. Brinchuk M.M. Ekologicheskoe pravo. – Moskva: Izdatel'stvo YUrist', 1998, - 688s.
7. Kosanov Zh.X. Pravovye osnovy vozmeshcheniya ekologicheskogo vreda. // *Sbornik materialov Mezhdunarodnoj nauchno – prakticheskoy konferencii «Aktual'nye problemy ekologii i ekologicheskogo prava Respubliki Kazahstan»*. - Almaty, Universitet Narhoz, 27 oktyabrya 2017 goda. – 248 s.
8. Nikishin V.V. Teoreticheskie problemy vozmeshcheniya ekologicheskogo vreda: idei V.V.Petrova i sovremennost'. // *Ekologicheskoe pravo*, 2009, - № 2/3, - S.28 -31.
9. Misnik G.A. Vozmeshchenie ekologicheskogo vreda v rossijskom prave. Dis. na soisk. uchen. step. dokt. yurid. nauk. – Moskva, 2008, -430s.
10. Kommentarij k Federal'nomu zakonu ot 10 yanvarya 2002 g. № 7-FZ «Ob ohrane okruzhayushchej sredy» (postatejnyj) [Elektronnyj resurs] / A. L. Bazhajkin, I. YU. Bortnik, M. M. Brinchuk [i dr.]; отв. red. O. L. Dubovik. – Rezhim dostupa: Konsul'tant Plyus. Kommentarii zakonodatel'stva. Postatejnye kommentarii i knigi. – Moskva: Norma Infra-M, 2013, - 560s.